

**2020 жылға арналған Павлодар ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 2 қазандағы № 308/10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 қазанда № 6573 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18- бабы 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 8) тармақшасына, 27- бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы " Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Павлодар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, Павлодар ауданы ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Шугаев

Павлодар ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "2" қазан  
308/10 қаулысына  
қосымша

**2020 жылға арналған Павлодар ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы**

				Б а с бостандығынан айыру
--	--	--	--	---------------------------------

Р/с №	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квотаның мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан), %	орындарынан босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының саны, адам
1	Павлодар облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының " Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің облыстық психоневрологиялық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	335	1	3
2	"Ертіс" шаруа қожалығы	110	1	1
3	"Зерноград" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	135	1	1
4	"Крестьянское хозяйство "Жана-Кала" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	38	1	1
5	"Маяк" шаруа қожалығы	124	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ